

Хаттама № 1
Педагогикалық кеңес отырысынан хаттама көшірмесі.

10 қаңтар 2022 ж.

№4 Хромтау орта мектебі

Жиналыс төрағасы – мектеп директоры А.Т. Ешкеева
Хатшы- А. Шектибаева

Қатысқандар саны - 86 адам. (тізім бойынша)

Күн тәртібінде:

1. №4 Хромтау орта мектебіндегі көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы.
А.Т. Ешкеева.-мектеп директоры

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Мектеп директоры-А.Т. Ешкеева:

2013жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» №88—V Заңымен реттелген №4 Хромтау орта мектебіндегі көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы айтылды. Бірінші кезекте пайдаланылатын мынадай негізгі ұғымдар туралы түсінік берілді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

Көрсетілетін қызметті алушы – *жеке және заңды тұлғалар (ата-аналар);*
Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық *мемлекеттік ұйымдар(білім беру ұйымдары)*

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінің, нысанының сипаттамаларын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын нормативтік құқықтық акт;

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын сақтау жөніндегі талаптарды белгілейтін және көрсетілетін қызметті берушілер қызметінің тәртібін, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету процесінде өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен, халыққа қызмет көрсету орталықтарымен өзара іс-қимыл, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сыныпталған тізбесі;

Мемлекеттік қызметтер мынадай негізгі қағидаттар негізінде көрсетіледі:

- көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;
- мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен созбұйдалық көріністеріне жол бермеу;
- мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;
- мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;
- мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;
- мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

- 1) *көрсетілетін қызметті берушілер арқылы;*
- 2) халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы;
- 3) «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

№4 Хромтау орта мектебіндегі көрсетілетін мемлекеттік қызметтер:

Олар:

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау»
2. «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»
3. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау»
4. "Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру"
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау.

Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша бұйрық арқылы жауапты тұлғалардың бекітілгені туралы, аудандық білім бөліміне тапсырылып отыратын есептер туралы айтты.

2. Мектептің әлеуметтік педагогі-А.Ш. Балмұқаш:

Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша стандарттар мен регламенттердің өзгерістерін есепке алып отыру туралы шолу жасады. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің тәртібі, бұйрығы, жұмыс кестесі таныстырылып, мектепшілік жаңа нысандағы стендпен таныстырды.

- 1) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау»
- 2) «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»
- 3) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау»
- 4) «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру»
- 5) «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну»
- 6) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»

«№4 Хромтау орта мектебі» КММ мемлекеттік қызмет көрсету кестесімен таныстырылды.

Дүйсенбі - 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Сейсенбі - 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Сәрсенбі - 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Бейсенбі - 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Жұма - 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Сенбі - 9.00-ден 18.00-ге дейін.


Түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін

Шешім:

1. Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне сыныптан тыс шаралар арқылы ата-аналар, оқушылар арасында мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу міндеттелінсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



А.Т. Ешкеева

А. Шектибаева